

«Экспо-2017» шеңберінде жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің республикалық форумын өткізу ережелері

1. Жалпы ереже

1. «Экспо-2017» шеңберінде «Қазақстан – менің елім» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің республикалық форумын өткізу ережелері (бұдан әрі – Форум) оның мақсатын, міндеттерін, өткізу және қаржыландыру тәртібін анықтайды.

2. Форумның мақсаты: балаларды қоршаған ортаның экологиялық жағдайының мәселелерін зерттеуге тартуға, қуат көздерінің баламасын қолдануды дәріптеуге, тұлғаның шығармашылық дамуына, білім алушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауына, олардың қабілеттерін іске асыруға, қоғамдағы өмірге бейімделуіне жағдай жасау.

3. Форумның міндеттері:

1) қуатты үнемдеу мәселелерін шешуге бағытталған өлкетану, экология және қоршаған ортаны қорғау саласында зерттеу және әлеуметтік-практикалық қызметке қызығушылық танытатын білім алушыларды анықтау және қолдау;

2) республикада балалар бірлестіктерінің экологиялық және өлкетану әлеуметтік-практикалық қызметін белсендіру;

3) білім алушылардың экоорталықтас ойлауын қалыптастырудың инновациялық нысандары мен әдістерін іздеу;

4) жас ұрпақтың шығармашылық әлеуетін дамыту.

4. Форумды Республикалық оқу-әдістемелік қосымша білім беру орталығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен өткізеді.

5. Форумды ұйымдастырушылар Ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Форумның өткізілетін орны мен уақыты

6. Форум **2016 жылғы 13-14 маусымда Алматы қаласында** өткізіледі. Келу күні – 12 маусым, қайту күні – 15 маусым.

7. Форумға қатысуға өтінім облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім басқармалары басшыларының қолы қойылып, **2016 жылғы 10 мамырға дейін** nt_ekotur@mail.ru электронды поштаға немесе мына мекен-жайға жолдануы тиіс: Астана қаласы, Кенесары көшесі, 40, «7 континент» БО, 15-қабат, 1516-бөлме. Қосымша ақпарат алу үшін мына телефонға хабарласу қажет: 8 (7172) 24-93-08.

Сұранысқа қатысушылар тізімі қоса тіркеледі: аты-жөні, сыныбы, оқу орны, топ жетекшісінің аты-жөні және лауазымы.

3. Форум қатысушылары

8. Жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің өңірлік форумының жеңімпаздары республикалық форумға қатысушылар болып табылады. Қатысушылардың жасы 12-17 жас.

9. Облыстар, Астана және Алматы қалалары делегацияларының құрамы - 10 адам: 9 қатысушы және 1 жетекші.

10. Топ жетекшілері Форумды өткізу орнына дейінгі жүру жолында, Форумды өткізу барысында және тұрғылықты жеріне кері қайту кезінде форумға қатысушылардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігіне толығымен жауапты.

11. Форумға келген топ жетекшілері ұйымдастыру комитетіне келесі құжаттарды тапсыру тиіс:

1) Форумға қатысу туралы білім басқармасының бастығы бұйрығының көшірмесі;

2) қатысушылар туралы мәлімет (аты-жөні, туған жылы, сыныбы, оқу орны және білім беру ұйымының мекенжайы, үйінің мекенжайы, телефоны, номинация, жұмыстың аталуы, топ жетекшісінің аты-жөні, жұмыс орны, қызметі, ұялы телефоны);

3) медициналық анықтама (әр қатысушыға);

4) қатысушының жеке куәлігі (төлқұжаты) немес туу туралы куәлігі;

6) топ жетекшісінің іссапар куәлігі.

5) қатысушылардың ата-анасынан сенімхат;

7) оқу орнынан мөрмен расталған фотосы бар анықтама;

8) топтың сақтандыру полисі.

12. Облыстардан келген топтардың бірдей формалары мен эмблемалары болуы қажет.

4. Форумды өткізу тәртібі

13. Форум екі кезеңде өткізіледі:

бірінші кезең (іріктеу) – облыстық, қалалық (Астана және Алматы).

бірінші кезеңнің қорытындысы бойынша өңірлік Форумның жеңімпаз топтары анықталады;

екінші кезең (қорытынды) – республикалық. Екінші кезеңге бірінші кезеңнің жеңімпаздары қатысады.

14. Форумның бірінші (іріктеу) кезеңін өткізу мерзімі облыстардың, Астана және Алматы қалаларының Білім басқармалары басшыларының бұйрықтары негізінде анықталады.

5. Форумды өткізу талаптары

1. Форумда жеке және топтық жұмыстар келесі бөлімдер бойынша ұсынылады.

1. «ЭКСПО - 2017» арналған «Жасыл ғаламшар» шығармашылық жұмыстар көрмесі.

1) «Ландшафтық дизайн» номинациясы.

Білім беру ұйымы территориясының, мектеп ауласының, парк аумағының ландшафтық дизайны, тұрғын орны бойынша шағын ауданды аббаттандыру және көгалдандыру бойынша жұмыстар. Стендтік баяндама, видеоролик, медиа-презентация, баннер, макет және басқа да жұмыстардың орындалу техникасы мен түрлері ерікті түрде ұсынылады (2 жұмыс).

Бағалау өлшемдері: эстетикалық ресімделуі, орындау сапасы, идеяның мазмұндылығы мен мақсаттылығы, тиімділігі, жасампаздығы, қолайлылығы.

2) «Екінші өмір» номинациясы.

Қалдық материалдан жасалған шығармашылық жұмыстар (5 жұмыстан артық емес).

Бағалау өлшемдері: орындалған жұмыстың практикалық маңыздылығы, эстетикалық ресімделуі, идеяның жасампаздығы.

Форумға қатысушылар келген күні Көрмені құрастырады. Қатысушы немесе қатысушылар көрме материалдарын ұсынады және қорғайды.

2. «Экообъектив» фотобайқауы.

3) «Орман тіршілігі және адамдар тағдыры» номинациясы.

Орман алқаптарын сақтап қалуға және қалпына келтіруге бағытталған экологиялық қызметтер, жасыл қорды сақтап қалуға үлес қосқан адамдар туралы фоторепортаж. (А4 форматтағы 4 сурет).

Бағалау өлшемдері: номинация тақырыбына сәйкестігі, тақырыптың толық ашылуы, жұмыстың сапалы орындалуы.

4) «Табиғат – бәріне ортақ, баға жетпес сый» номинациясы.

Туған өлкенің табиғи мұрасын ашатын фото түсірілімдер, (А4 форматтағы 4 сурет).

Бағалау өлшемдері: номинация тақырыбына сәйкестігі, тақырыптың толық ашылуы, жұмыстың сапалы орындалуы.

3. Энергияны сақтау мәселелерін шешуге, табиғи ресурстарға ұқыпты қарауға бағытталған «Болашаққа қадам» тақырыбында әлеуметтік маңызы бар зерттеу жобаларын қорғау.

6) «Туған өлкенің биотүрлерін сақтаймыз және көбейтеміз» номинациясы.

Өңірлік экологиялық мәселелерді (ботаникалық, зоологиялық зерттеулер, ерекше қорғалатын табиғи территориялар бойынша жобалар) шешуге практикалық үлесті көрсететін жобаларды қорғау (2 жұмыс).

7) «Денсаулық және қоршаған орта» номинациясы.

Адам денсаулығына қоршаған ортаның әсерін көрсететін зерттеу жобаларын қорғау (2 жұмыс).

8) «Жасыл экономика» номинациясы («ЭКСПО-2017» шеңберінде).

Энергияны сақтау, табиғат ресурстарына ұқыпты қарау және үнемдеп қолдану мәселелерін шешуге бағытталған әлеуметтік маңызы бар зерттеу жобаларын қорғау (2 жұмыс).

Бағалау өлшемдері: зерттелетін мәселелердің өзектілігі, жүргізілген зерттеулердің деңгейі мен көлемі, қойылған міндеттердің орындалу нәтижесі, зерттеудің жаңашылдығы, жұмыстың практикалық маңызы, автордың жеке үлесі, сөйлеу шеберлігі.

16. Жобаны қорғау уақыты - көрсететін материалды қолдануымен 5 минут.

17. Көрмеге ұсынылған барлық жұмыстар автордың және жетекшісінің аты-жөні, оқу орны, жұмыстың аталуы және қысқаша мазмұны көрсетілген 10x15 сантиметр көлеміндегі визиткамен ресімделеді.

18. Әр делегация үшін шығармашылық және зерттеу жұмыстарын номинациялар бойынша орындау міндетті шарт болып табылады.

6. Форумның қорытындысын шығару және қатысушыларын марапаттау

19. Форумның жеңімпаздары I, II, III дәрежелі дипломдармен және құнды сыйлықтармен марапатталады. Жеңімпаздарды дайындаған педагогтер алғыс хаттармен марапатталады, Форумның барлық қатысушыларына сертификаттар беріледі.

7. Форумды қаржыландыру

20. Топтың тұратын орнынан Форум өткізілетін орынға дейін және кері қарай жүру жолының ақысын төлеуді, тәуліктік (тамақтану) шығыстарын жіберуші жақ қамтамасыз етеді.

21. Форумды ұйымдастыру және өткізу, Форумды өткізу кезіндегі қатысушылардың жатын орны және тамақтануы үшін шығыстар республикалық бюджеттен қамтамасыз етіледі.